Мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсіліне

НЕГІЗДЕМЕ

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 16-бабаның 3-тармағының 26-тармақшасына сәйкес, «монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде мемлекеттік органның тиісті өздерінің өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы» - болып табылады.

Яғни, «Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» қызметі облыстың денсаулық сақтау басқармасына бағынысты мүлік туралы заңымен басқарылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың (*әрі қарай Кәсіпорын*) құзіреті болып табылады.

Кәсіпорынның атауы және атқарылатын іс-шаралары Заңның форматты-логикалық бақылау тізбесінде айқындалған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің облыс көлемінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысында жоғарыда аталған қызметті көрсетуге "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның айрықша құқығы бар екендігі айқындалған (қорытынды тіркелді).

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы **О.Искаков**